

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Мектепке дейінгі ұйымда этнопедагогиканы қолданудың маңызы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
23.05.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/139335/>

ҚР ПІБ Медициналық орталығына қарасты «Қарлығаш» балабақшасында балалардың рухани-адамгершілік және әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастыру мақсатында түрлі педагогикалық тәсілдер мен тәжірибелер қолданылады. Солардың бірі – этнопедагогика. Этнопедагогика – халық педагогикасының ұрпақ тәрбиелеудегі тағылымдарын ғылыми жүйеге келтіріп зерттейтін ғылыми педагогиканың бір саласы. Осы күнге дейін өз маңызын жоймаған этнопедагогиканы, яғни халықтық педагогиканы тәлім — тәрбиенің түп қазығына айналдыру «Қарлығаш» балабақшасында ұтымды қолданылады.



Қазақ халқының бай тарихында ұлттық ойындардың көптеген түрлері балалық, жеткіншектік, жасөспірімдік сияқтағы кезеңде балалар тәрбиесінде кеңінен пайдаланылады. Балабақшада әсіресе асықты қолдана отырып тақырыптық әңгімелер, ситуациялық ойындар және т.б. ұйымдастыруға болады.

Асықпен ойнау баланы шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, жылдам шешім қабылдауға тәрбиелейді. Бұған қоса асық ойындары баланың танымдық қабілетін дамытып, денсаулығы нығайтады.

Асықтың зиянсыз табиғи зат екендігін барлығымыз жақсы білеміз. «Қарлығаш» балабақшасында түрлі түстерге боялған асықтарды қолдана отырып, балалардың ұсақ қол моторикасын, сөйлеуді, зейінділік пен есте сақтауды дамытады. Баланың саусақтармен дұрыс жұмыс жасау арқылы саусақтары иілгіш болып жаттығады.

Асық терапиясы балалардың қимыл-қозғалысын реттеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, сөздік – логикалық ойлауды сатылай қалыптастыруға, шығармашылық ойлауға, сабырға, бірлесе әрекет етуге тәрбиелейді. Сондықтан балабақша педагогтері асықты қолдана отырып, мазмұнды ойындар, жаттығулар құрастырып, баланы оқыту барысында жан-

жақты қолданады.



Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленушілерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көзі ана тілі, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт -дәстүрлерін аялай білу, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.